

Педагогикалық кеңес №4
Хаттама №4

31.03.2026 ж

Тақырыбы: «Отбасы мен балабақша ынтымақтастығы»

Қатысқандар:

Балабақша меңгерушісі : Д.Ирзабекова

Тәрбиешілер саны : 4 адам

Пән мұғалімдері: 3

Барлығы: 8

Күн тәртібінде:

1. Дөңгелек үстел: «Отбасы мен балабақша ынтымақтастығы» (топ тәрбиешісі А. Таменова)
2. Кеңес: «Отбасы, балабақша және қоғамдық болашақ игілік жолындағы өзара ынтымақтастығы» (Тәрбиеші Г.Болатова.)
3. Ата-аналармен жұмысының орындалысының қорытындысы (әдіскер Д.Ирзабекова)

Тыңдалды

Балабақша директоры Д.Ирзабекова №3 педагогикалық кеңестің орындалу барысына талдау жасады. Атап айтқанда Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау, оларды тәуелсіз, мемлекетіміздің білімді, білікті, мәдениетті азаматы етіп, тәрбиелеу барысында жасалып жатқан жұмыстар, өмірімізге еніп, жатқанын жаңалықтар осыны дәлелдейді. Дене бітімі дамуын зерттеу және бағалау тәсілдері. Балалар мен жасөспірімдердің іс-әрекет гигиенасы, еңбекке тәрбиелеу тәртібіне қойылатын гигиеналық талаптар, еңбекке тәрбиелеу жағдайына қойылатын санитарлық бақылау, шынығу, дұрыс балансты тамақтану; рационалды күн тәртібі, гигиеналық дағдылар және дұрыс тұрмыс-салыпта өмір сүру дағдылары балабақшада дұрыс жүргізіліп жатқандығын айтып өтті. Дене тәрбиесі ұйымдастырылған іс-әрекетінде тәрбиешілер балаларға жаңаша әдіс-тәсілдерін қолдануда. Өткен педагогикалық кеңесте талқыланған шешімдер орындалуда деп айта аламын.

Тыңдалды

Бірінші мәселе бойынша топ тәрбиеші. отбасы мен бөбекжай ынтымақтастығы тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырды. Ұйымдастырудағы мақсаты ата-аналар мен тәрбиешілер арасындағы өзара байланысты нығайту, баланың дамуына бірлескен жауапкершілікті арттыру. Ол өз дөңгелек үстелінде бала тәрбиесіндегі педагогтердің ата-анамен жұмыс атқарылу түрлерімен, кері байланыс жасауды, бірлесіп жұмыс жасау туралы әңгімеледі.

Жарыс сөз

Тәрбиеші Н.Сайткалиева. өз сөзінде, тәрбиеші Өз сөзінде тәрбиеші Таменова.Г. дөңгелек үстелінен жақсы әсер алып, ата-аналармен жұмыс жасаудың жақсы жағымды жақтарын үйренгенін айтты.

Тыңдалды

Екінші мәселе бойынша балабақшаның тәрбиеші Г.Болатова. «Отбасы, балабақша және қоғамдық болашақ игілік жолындағы өзара ынтымақтастығы». педагогтармен «Бала тәрбиесіндегі халықтық педагогиканың бағыты» тақырыбында ой-пікір-сайыс

ұйымдастырды. Бүгінгі кеңесіміздің тақырыбы – «Отбасы, балабақша және қоғамдық болашақ игілік жолындағы өзара ынтымақтастығы». Бала – ел болашағы. Оның тәрбиесі мен дамуы тек отбасының ғана емес, балабақша мен қоғамның да ортақ міндеті. Үш тарап бірлесе әрекет еткенде ғана біз саналы, білімді, тәрбиелі ұрпақ тәрбиелей аламыз. Сондықтан бүгінгі кездесудің мақсаты – осы үш маңызды ортаның байланысын талқылау, тәжірибе алмасу және тиімді жолдарын анықтау. Тәрбие кездейсоқ оқиға емес, ол қоғамның пайда болуына тән қасиет. Тәрбие жеке тұлғаның санасына, мінез-құлқының дұрыс қалыптасуына әсер ететін құрал. Тәрбие – халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған озық тәжірибесі мен ізгі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру, олардың айналамен қарым-қатынасын, өмірге көзқарасын және соған сай мінез-құлқын қалыптастыру құралы. Тәрбиелеу – халықтар бойына білімге негізделген этикалық ізгіліктер мен өнерлерді дарыту. Тәрбие – көптің ісі. Тәрбие мәселесімен қоғамдық ұйымдар, мекемелер және жұртшылық болып айналысқан жағдайда ол нәтижелі болмақ. Соған сай тәрбие туралы ұғымға тар мағынада емес, кең мағынасында, бір жақты емес, кең көлемде, яғни табиғат және әлеуметтік ортаның, мектеп пен ата-аналардың жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуына мақсатты түрде ықпалы, өзара әрекетінің нәтижесі ретінде қараған жөн. Балалармен ойынды мақал-мәтелдер, жаңылпаштар, тиім сөздер, айтыс түрінде ұйымдастырған өте жақсы әсер болады.

Жарыс сөз

Денетәрбие нұсқаушысы өз кезегінде педагог-психологтың сөзімен келісетін айтты. Ирзабекова Набираның берген кеңесінен көп әсер алып өзі де бала тәрбиесінде ұлттық әдіс-тәсілдерді қолданғанымыз өте тиімді болатын көзім жетті деді.

Тыңдалды

Үшінші мәселе бойынша балабақшаның әдіскері Д.Ирзабекова 2025-2026оқу жылында ата-аналармен ұйымдастырылған жұмыстың түрлерін баяндап, қорытында ақпарламасын баяндады. Алдымен оқу жылдың басында ата-аналардың жалпы жиналыс жасалып, ата-аналар комитеттері сайланды. Осы комитетпен бірлесіп отырып бірге іс-шаралар ұйымдастырылды.Топтың тәрбиешілері ата-аналармен олардың комитеттерімен жұмыс жоспарларының қорытындысы туралы бақыланғанын, оның көрсеткішін баяндады.

Шешімі

1. Өткен кеңестің жұмыстары қанағаттанарлық болып есептелінсін.
2. Дөңгелек үстел: «Отбасы мен балабақша ынтымақтастығы» ересек топ тәрбиешісі А.Таменова қанағаттандырылды.
3. Кеңес: «Отбасы, балабақша және қоғамдық болашақ игілік жолындағы өзара ынтымақтастығы» педагог Г.Болатова іс-тжірибеде қолданылсын
4. Ата-аналармен жұмысының орындалысының қорытындысы *әдіскер Д.Ирзабекова*, қанағаттанарлық болып есептелінсін.

Төрайымы:
Хатшы:



Д.Ирзабекова
Г.Болатова

БЕКІТЕМІН:
«Аяжол» жекеменшік балабақша
директоры  **Ирзабекова Д.**



Ата-аналармен жұмыстың орындалу қорытындысы

Әдіскер: Ирзабекова Д.

2025-2026жж

Ата-аналармен жұмыстың орындалу қорытындысы

Мақсаты: Балабақша мен отбасы арасындағы өзара байланысты нығайту, ата-аналардың бала тәрбиесіне белсенді қатысуын қамтамасыз ету және бірлескен жұмыстың тиімділігін арттыру.

Қорытынды сараптама

Оқу жылы барысында ата-аналармен жұмыс бекітілген жоспарға сәйкес жүргізілді. Негізгі бағыттар: ата-аналармен тығыз қарым-қатынас орнату, бала тәрбиесі мен дамуы бойынша педагогикалық кеңестер беру, отбасылық ынтымақтастықты дамыту және ата-аналардың балабақша өміріне белсенді қатысуын ұйымдастыру болды.

Жыл бойы ата-аналар жиналыстары, жеке кеңестер, сауалнамалар, әңгімелесулер, ашық іс-шаралар, мерекелік шаралар және бірлескен шығармашылық жұмыстар өткізілді. Ата-аналарға балалардың жас ерекшеліктері, денсаулығын сақтау, қауіпсіздік ережелері, тілдік және шығармашылық дамуы, мектепке дайындығы бойынша қажетті ақпараттар берілді.

Ата-аналар балабақшадағы тәрбиелік іс-шараларға белсенді қатысып, балалардың жетістіктерін қолдауға және педагогтермен бірлесіп жұмыс жасауға қызығушылық танытты. Өзара түсіністік пен сенімді қарым-қатынас қалыптасты.

Атқарылған жұмыстардың нәтижесі:

- Балабақша мен ата-аналар арасындағы байланыс нығайды.
- Ата-аналардың педагогикалық білім деңгейі артты.
- Балалардың тәрбиесі мен дамуына ата-аналардың жауапкершілігі күшейді.
- Отбасы мен балабақша арасындағы серіктестік қалыптасты.
- Балалардың шығармашылық, әлеуметтік және танымдық белсенділігіне қолдау көрсетілді.

Анықталған мәселелер:

- Кейбір ата-аналардың іс-шараларға қатысу белсенділігі әртүрлі деңгейде болды.
- Жеке отбасылармен бала тәрбиесіне байланысты қосымша жұмыстар жүргізу қажеттілігі байқалды.

Ұсыныстар:

- Ата-аналармен байланысты тұрақты түрде жалғастыру.
- Балалардың дамуына бағытталған бірлескен жобалар санын арттыру.
- Ата-аналарға арналған кеңестер мен тренингтерді көбейту.
- Әр отбасының ерекшелігін ескере отырып, жеке жұмыстарды ұйымдастыру.

Қорытынды: Ата-аналармен жүргізілген жұмыстар жоспарға сәйкес орындалып, балабақша мен отбасы арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға бағытталды. Бірлескен әрекет нәтижесінде балалардың тәрбиесі мен дамуына қолайлы орта қалыптасып, ата-аналар мен педагогтердің өзара байланысы жақсарды. Алдағы уақытта бұл бағыттағы жұмыстарды жалғастырып, жаңа тиімді әдістерді енгізу жоспарлануда.

 **БЕКІТЕМІН:**
«Аяжап» жекеменшік балабақша
директоры Ирзабекова.Д.

Кеңес тақырыбы: «Отбасы, балабақша және қоғамдық болашақ игілік жолындағы өзара ынтымақтастығы»

Тәрбиеші: Болатова.Г.

2025-2026жж

Мақсаты: Отбасы мен балабақша арасындағы өзара байланысты нығайту, бала тәрбиесінде бірлескен әрекеттің маңызын түсіндіру және қоғамның болашағы үшін жауапкершілікті арттыру.

Кеңес мазмұны

Баланың тұлға болып қалыптасуы ең алдымен отбасындағы тәрбие мен балабақшадағы білім беру үдерісінің өзара үйлесімділігіне байланысты. Отбасы – баланың алғашқы тәрбиелік ортасы, ал балабақша – оның әлеуметтік ортаға бейімделуіне, білім алуына және жан-жақты дамуына мүмкіндік беретін мекеме.

Баланың бойында адамгершілік қасиеттерді, мәдени дағдыларды, жауапкершілікті және өзара сыйластықты қалыптастыруда ата-ана мен педагогтің бірлескен жұмысы маңызды рөл атқарады.

Отбасы мен балабақшаның негізгі міндеттері

Отбасы:

- балаға мейірімділік пен қамқорлық көрсету;
- дұрыс мінез-құлық үлгісін қалыптастыру;
- баланың қызығушылығы мен қабілетін қолдау;
- балабақшамен тығыз байланыста болу.

Балабақша:

- баланың қауіпсіз әрі қолайлы дамуына жағдай жасау;
- білім, тәрбие және шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- ата-аналармен серіктестік орнату;
- баланың жеке ерекшеліктерін ескеру.

Ынтымақтастық түрлері

- ата-аналар жиналыстары;
- жеке кеңестер мен әңгімелесулер;
- бірлескен мерекелік іс-шаралар;
- ашық сабақтар мен шеберлік сағаттары;
- отбасылық жобалар мен шығармашылық жұмыстар;
- баланың дамуын бірге бақылау және талдау.

Ата-аналарға ұсыныстар

- Баламен күнделікті жылы қарым-қатынас орнатыңыз.
- Оның пікірін тыңдап, жетістіктерін қолдаңыз.
- Балабақша тәрбиешілерімен тұрақты байланыста болыңыз.
- Үйде балабақшадағы жағымды дағдыларды жалғастырыңыз.
- Балаға өз әрекеті арқылы үлгі болыңыз.

Педагогтарға ұсыныстар

- Ата-аналарды бала тәрбиесіне белсенді қатыстыру.

- Әр отбасының ерекшелігін құрметтеу.
- Сенімді және ашық қарым-қатынас орнату.
- Баланың дамуына қатысты ақпаратты ата-анамен жүйелі бөлісу.

Қорытынды

Бала тәрбиесі – отбасы, балабақша және қоғамның ортақ міндеті. Осы үш бағыттың өзара ынтымақтастығы арқылы ғана дені сау, білімді, мейірімді және жауапты ұрпақ тәрбиелеуге болады. Бірлескен еңбек – баланың жарқын болашағы мен қоғамның игілігіне бағытталған маңызды қадам.

БЕКІТЕМІН:
«Аяжан» жекеменшік балабақша
директоры  Ирзабекова Д.



**«Отбасы мен балабақша ынтымақтастығы»
(дөңгелек үстел)**

Тәрбиеші: Таменова.А.

2025-2026жж

Максаты: Ата-аналардың бала тәрбиесіне көзқарасын өзгерту, балабақшаға позитивтік қатынасының қалыптастыру. Педагогикалық және психологиялық салауаттылықты жетілдіру; қалыптасу мен дамыту мәселері бойынша тәжірибе алмасу, бір-бірімен сұхбаттасу.

Көрнекіліктер: нақыл сөздер, суреттер, теледидар, DVD, қалам, қағаз, тақырыбы.

Әдіс-тәсілдер: әңгіме, сұрақ-жауап, түсіндіру, көрсету, ойын, ассоциация, Венн диаграммасы, сауалнама.

Барысы: Зал іші шар, тақырыбы және нақыл сөздер жазылған плакаттар мен мазмұнды суреттермен әсем безендірілген.

I. Кіріспе. Тақырыпқа байланысты қысқаша әңгіме, баяндама.

Құрметті ата-аналар! Бүгін біздің «Қызғалдақ» тобында «Отбасы, бала, балабақша ...» деген дөңгелек үстел өткізіліп жатыр. Біз бала, оның тәрбиесі, отбасы және балабақшаның бала тәрбиесіндегі орны туралы пікірлерімізді, өз ойымызды, көзқарасымызды ортаға салып сұхбатасамыз, бір-бірімізбен тәжірибе алмасамыз.

Балабақшаға келер алдында бала отбасында тәрбиеленеді. Отбасы деген не? Отбасы адам баласының алтын дінгегі. Өйткені адам ең алғаш шыр етіп дүниеге келген сәтінен бастап, осында ер жетіп, отбасының тәрбиесін алады.

Отбасы – шағын мемлекет әр мемлекеттің өзіне тән өндіріс, өнім, сыртқы және ішкі саясаты, кіріс – шығыс бюджеті, тәртібі, заңы болады.

«Ел болам десең – бесігінді түзе» деген нақыл сөзді біздің ата-бабамыз мұра болып қалдырған. Бұл нақыл сөзді қалай түсінуге болады?

Қазақ отбасында өз баласың мейірімділікке, имандылыққа бауылып өсірген. Үнемі жанұясында осылай тәрбие көрген бала ақырында, өздігінен тіл алғыш, адал, тиянақты, ұқыпты болып шыға келеді.

Тәрбие басы әдептілік деп білген ата-ана әуелі баласына өздерін сыйлап – құрметтеуді, өзгелерге, әсіресе үлкендерге, сипайлық танытуды, ешкімді мұқатпауды үйреткен. Сонымен қатар, балаларының ер-азамат болып, халқына еңбек етулерін басты міндет етіп қойған.

Отбасы – жақын туыстық қатынас. Қазақтың отбасы негізінен үш ұрпақтан тұрады. Ол – ата, әке, бала.

Ата — әжелер ауыл – аймақ, ағайын арасының берекесі, ақылшысы болып келеді. Олардың әрқашанда мәртебесі биік болып, сый – құрметке бөленген. Олар жыр, дастан, ертегі айтып өлмер – шөбелеріне рухани байытып тәрбиелеп отырған.

Әке – әулет басшысы, отбасы мүшелерінің тірегі, асырап сақтаушы, қамқоршысы. Әке үйі барлық балалары үшін үлкен үй, қара шаңырақ деген киелі ұғымдармен сыйлы да құрметі.

Әйел, ана – отбасының ұйытқысы, берекесі, мейір – шапағат көзі. Аналардың басты міндеті – отбасы беріктігін сақтау, бала тәрбиелеу, ерлерін барынша сыйлау, рухани қолдау көрсету болып табылады.

«Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» дегендей ата-ана отбасында балаларына қандай тәрбие берсе, ертең сондай бала өседі, ата-анасына сондай абырой алып береді. Сол себептен қазақ халқы бала тәрбиесіне ерекше назар аударған.

Бала – әке-шешесінің перзенті, ұрпағы. Бала – ата-ананың көз нұры, көңіл қуанышы.

Баланың ата-ана алдындағы ұлы парызы – мейіріммен, жақсылықпен қартайған кезеңде бағу, еңбектерін қайтару.

Дүниедегі мақсатының да, міндетінің де ең үлкені – ол ертеңгі күнге өнегелі, парасатты ұрпақ қалдыру.

Қазіргі заманда ата-әжелер немерелеріне ертегі, жыр айтып бермейді, ал әке-аналар бірыңғай тұрмыс жағдайға, ақша табуға көп назар аударады. Бала тәрбиесін балабақша, мектепке жүктеген. Мектепке дейін тәрбиесін міндеті баланы жан-жақты тәрбиелеу, дамыту болса да «Алты аға бірігіп – әке болмас, Жеті жеті бірігіп – ана болмас» — дегендей ата-ананың орыны бөлек. Ол орынды ешкім баса алмайды. Балабақша баланың отбасында алған тәрбиесін толықтырады, бағыт беріп тұрады. Балабақша отбасымен бірлесіп болашақ ұрпақ тәрбиелейді.

ҚР Конституциясының 27 бабында былай деп жазылған: «Балаларына қамқорлық жасау және тәрбиелеу – ата-ананың табиғи құқығы, әрі парызы».

II. Пікірталас. Осы тақырыпқа, баяндамаға байланысты ата-аналардың пікірін, ойларын тыңдау.

III. Сұрақ-жауап. Мына сұрақтарға қалай жауап бересіздер?

«Отбасы – алтын бесік» деген сөзді қалай түсінесіз?

XXI ғасырдың ата-аналары қандай?

Баланыздың тәрбиесіне ата-ененіз араласқанын қалайсыз ба?

Балабақшаға балаңызды не себептен алып келдіңіз?

«Тәрбие» деген, сіздің ойыңызша не?

Балабақшадан не күтесіз?

Сіз өзіңізді жақсы білесіз бе?

Сіз өзіңізді кім деп санайсыз (Наполеон, Президент, қожайын, күл, квартирант т.б.)?

Балаңызға көп назар аударасыз ба?

Балабақшаның қандай қажеттілігі бар? т.б. сұрақтар

IV. Ассоциация. Бала (балабақша, әке, ана) дегенде сіздерге қандай ой, елес бірден келеді? (бос орынды толтырыңыз, ойыңызды жазыңыз)

V. Вени диаграммасы. Отбасы мен балабақшаның жалпы ұқсастығын айту.

VI. Ойын – тренинг. «Балық, құс, аң»

VII. «Бала, бала, болашақ ...». Теледидардан балалардың сұрақтарға жауап бергенін көру, тыңдау.

Ата-аналардың пікірлерін тыңдау, сұрақтар арқылы бағыт беру.

Қазіргі балалар қандай?

Не себептен қыз бала пысықтау, батыл, ашық болып келеді? Ал ұл бала керісінше?

Балалар неге әкесі туралы аз айтады? т.б. сұрақтар

VIII. Жағдаят. Пікірлерін айту.

— Үйде сіздің екі балаңыз ұрсып қалды. Сіздің шешуіңіз қандай?

— Баланыз үйге мысық алып келді. Сіз мысықты жақсы көрмейсіз. Сіз не дейсіз?

— Үйге қонақ шақырдыңыз. Қонақ келетін уақыт жақындады, сіз үлгермей жатырсыз. Ал үлкен балаңыз кіші балаңызбен бірге компьютерде ойын ойнап отыр. Сіз көмек сұрадыңыз. Балаңыз тыңдамады. Сіз не істейсіз?

— Балаңызды балабақшадан алып келдіңіз. Баланың қолында бөтен біреудің затын көрдіңіз. Не істейсіз?

— Жұмыстан келіп үйдің тіршілігіне кірістіңіз. Жолдасыңыз теледидар көріп жатыр. Балаңыз қайта-қайта келіп сіздің мазанызды алды. Шешуіңіз қандай?

IX. Сауалнама. «Менің қызығатыным» ата-аналарға арналған сұрақтар.